

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР / ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ /
PHILOLOGICAL SCIENCES

DOI 10.54596/2958-0048-2026-2-361-371

ӘОЖ 811.512.12

ҒТАМА 16.21.51

АУЫЗША СӨЙЛЕУДЕ НОРМА БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ СИПАТЫ

Кадыров Ж.Т.^{1*}, Синбаева Г.К.¹, Әдікен А.¹

^{1*} «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ,
Петропавл, Қазақстан

*Хат-хабар үшін автор: zhkadyrov_777@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада ауызша сөйлеудегі тілдік норма және оның сипаты, түрлеріне қарай топталуы ғалымдардың пікірлерімен сараланып қарастырылады. Мақаланың мақсаты қазіргі қоғамның, жастардың ауызша сөйлеуде жіберетін қателері мен норма бұзушылықтарын анықтаумен қатар, олардың шешу жолдарын, тілдік норманың маңыздылығын көрсетуге арналған. Зерттеу негізінде ауызша сөйлеуде норма бұзушылықтың сипаты көрсетіліп, тілдік нормаға берілген пікірлер салыстырмалы түрде талданып, жастардың қолданысында норма бұзушылықтардың орны анықталып, 5 түрге бөліп қарастырылды. Мақалада М.Балақаев, Р.Сыздықова, А.Байтұрсынұлы сынды ғалымдардың еңбектері және қосымша сөздік негізге алынып, норма бұзушылықтардың ерекшеліктері мен жіктелуіне толық талдау жүргізілді. Жүргізілген талдаулардың нәтижесінде ауызша сөйлеу барысында тілдік нормалар қолданысының маңызы зор екеніне көз жеткіздік.

Кілт сөздер: тілдік норма, норма бұзушылық, ауызша сөйлеу, грамматикалық норма, орфоэпия және орфографиялық норма, лексикалық норма, тіл мәдениеті.

НАРУШЕНИЕ НОРМЫ В УСТНОЙ РЕЧИ И ЕЕ ХАРАКТЕР

Кадыров Ж.Т.^{1*}, Синбаева Г.К.¹, Адикен А.¹

^{1*} НАО «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева»,
Петропавловск, Казахстан

*Автор для корреспонденции: zhkadyrov_777@mail.ru

Аннотация

В данной статье рассматриваются лингвистические нормы в разговорном языке и их характеристики, классифицированные по типам, с учетом мнений ученых. Цель статьи – выявить ошибки и нарушения лингвистической нормы в разговорной речи современного общества, особенно среди молодежи, и продемонстрировать способы их устранения и важность лингвистической нормы. На основе исследования показана природа нарушений норм в разговорной речи, сравнительно проанализированы мнения о лингвистических нормах, определено место нарушений норм в употреблении молодежью и разделены на 5 типов. В статье представлен комплексный анализ характеристик и классификации нарушений норм с опорой на работы таких ученых, как М.Балакаев, Р.Сыздықова, А.Байтұрсынұлы, а также дополнительные словари. В результате проведенного анализа мы убедились в большой важности применения лингвистических норм в устной речи.

Ключевые слова: лингвистическая норма, нарушение нормы, устная речь, грамматическая норма, орфоэпическая и орфографическая норма, лексическая норма, языковая культура.

VIOLATION OF THE NORM IN ORAL SPEECH AND ITS NATURE

Zh.T. Kadyrov^{1*}, G.K. Sinbayeva¹, A. Adiken¹^{1*}*Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan*^{*}*Corresponding author: zhkadyrov_777@mail.ru***Abstract**

This article examines linguistic norms in spoken language and their characteristics, classified by type, taking into account the opinions of scholars. The purpose of the article is to identify errors and violations of linguistic norms in the spoken language of modern society, especially among young people, and to demonstrate ways to eliminate them and the importance of linguistic norms. Based on the research, the nature of violations of norms in colloquial speech is shown, opinions on linguistic norms are comparatively analyzed, the place of violations of norms in the usage of young people is determined, and they are divided into 5 types. The article presents a comprehensive analysis of the characteristics and classification of violations of norms based on the works of such scholars as M.Balakaev, R.Syzdykova, A.Baitursynuly, as well as additional dictionaries. As a result of the analysis, we are convinced of the great importance of applying linguistic norms in spoken language.

Key words: linguistic norm, violation of norms, spoken language, grammatical norm, phonetic and orthographic norm, lexical norm, linguistic culture.

Кіріспе

Тіл – ауызша сөйлеу және жазба тіліндегі маңызды құралдардың бірі. Тіл арқылы адам өзінің ойын дұрыс әрі нақты жеткізе алады. Тіл – адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асырып, адам санасындағы ақпараттарды білдіру мен жеткізуді қалыптастыратын құрал. Тілдің қоғамдағы қызметі белгілі бір нормалар жүйесіне негізделеді. Қазіргі тіл білімі саласында бұндай нормаларды тілдік нормалар деп атайды. Тілдік нормалардың қалыптасуы мен жетілуі әдеби тілдің тарихымен ұштасады. Тілдік нормалардың қалыптасуында қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени факторларының маңызы зор.

Тілдік норма мәселесі қазіргі уақытта да өзектілігін жойған жоқ. Әлі күнге дейін тіл білімі мәселелерімен айналысатын ғалымдардың назарын аударуда. Тілдік норма жайында бірнеше ғалым өзіндік анықтама беріп, тұжырымдар жасаған. Мәселен, қазақ тілтанушысы Мәулен Балақаев «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» атты еңбегінде тілдік норма, әдеби тіл сияқты ұғымдардың мән-мағынасын ашып, ерекшеліктеріне тоқталған. Ғалым тілдік нормаға былайша анықтама берген: «Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру» [1, 138]. Ғалым тілдік норманың тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде қалыптасатынын айтып, оны әдеби тілмен байланыстырады. Ғалымның тұжырымдауынша, тілдік нормалардың орынды қолданылуы мен заңдылықтарының сақталуы әдеби тілдің қалыптасуына негіз болады.

Тілдік норманың зерттелуіне үлес қосқан ғалымдардың ішінде Рәбиға Сыздықованың орны ерекше. Ғалым бұл мәселе төңірегінде көптеген зерттеу жүргізіп, нәтижесінде «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» атты еңбекті жазды. Бұл еңбекте тіл мәдениетінің өзекті мәселесі болып есептелетін норма ұғымына баса назар аударылған. Сонымен қоса, тілдік нормаларды таныту, олардың түрлерін, негізін, қазіргі күйін көрсету сынды мәселелер көтерілген. Ғалым тілдік норманың екі түрлі табиғатын көрсетеді. Олар: «Бірі – тілдің өзінде қалыптасқан нормалар және ережелер бойынша ұсынылған нормалар. Соңғыларды «ереже бойынша» деп атауымыз шартты» [2, 46]. Ғалым тілдің өзінде қалыптасқан нормаларына *бүгін, биыл, әкел*,

түрегел, белбеу, сөйтіндеген сөздерді мысал ретінде келтіреді [2, 46]. Бұл сөздер негізінен екі түбірдің бірігуі арқылы жасалып, қазіргі уақытта кірігіп кеткен сөздердің қатарына жатады. Бірақ біз сыртқы тұлғасына қарап бұл сөздердің бірігіп пайда болған сөздер қатарына жататынын аңғармаймыз. Ғалым бұндай сөздердің тілдің «о бастан келе жатқан» нормативті дүниелері екенін дәлелдеген. Ал ережелер бойынша ұсынылған нормалар қатарына *өнеркәсіп, кәсіподақ, ойталқы, жолсапар, гүлдесте* сынды тіркестерді жатқызады [2, 46]. Бұлардың біртұтас болып қалыптасуына ережелер арқылы ұсынылған нормалар әсер етеді. Тіл білімінің лексикология, грамматика, фонетика сияқты салалары ережелер арқылы ұсынылған нормалардың жүзеге асырылуына көмектеседі.

Сонымен қатар, норманың зерттелуіне үлес қосқан ғалымдардың ішінен Нұргелді Уәлиді ерекше атай аламыз. Ғалым өзінің «Графика. Орфография. Орфоэпия» деп аталатын еңбегінде әдеби тілдік нормаларға тоқталып, оларға қоғамнан мысалдар келтірген [3, 172]. Әдеби тілдің ауызша және жазбаша, грамматикалық, лексика-фразеологиялық норма түрлерін көрсетіп, олардың мән-мағынасы, ерекшеліктеріне тоқталған. Ғалым әр норманы жеке-жеке қарастырып, ауызша және жазбаша тілдегі қолданысына баса назар аударған. Әдеби тілдік норманың дұрыс қолданылуын аңарту үшін, тілдегі олқылықтарды мысал етіп көрсеткен. Одан бөлек, әр норманы кітаби және қарапайым тілмен байланыстыра отырып, зерттеу жүргізген. Берілген еңбек тілдік норманың қалыптасуына әдеби тілдің көмегі зор екенін көрсетеді.

Ғалымдардың көрсеткен анықтамалары мен норма түрлері қазіргі жазба тілі мен ауызша сөйлеу тілінің дамуына үлкен ықпал етеді. Жоғарыда аталған зерттеулер арқылы біз ауызша сөйлеу тілінде тілдік нормалардың маңызы зор екеніне көз жеткіздік. Себебі қазіргі жастардың сөйлеу тілі мен күнделікті коммуникацияда тіл нормаларының сақталмауы, тілдің шұбарлануы мәселелері жиі орын алып отыр. Ауызша сөйлеудегі мұндай факторлар норма бұзушылық ретінде танылады. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер, көптілділік, жаһандану, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі ауызша сөйлеудің сипатына бірнеше өзгерістер енгізді. Осының нәтижесінде фонетикалық, лексикалық және грамматикалық деңгейлерде норма бұзушылықтар көрініс береді. Бұл құбылыстар тіл мәдениетінің, сауаттылықтың, сөйлеу-жазу сапаларының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда, ауызша сөйлеудегі норма бұзушылықтың сипатын, көрінісін және пайда болу себептерін анықтау – қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Аталған мәселені жан-жақты талдау ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мен тіл нормаларын сақтаудың маңызын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының негізгі материалы ретінде М. Балақаев, Р. Сыздықова сынды ғалымдардың тілдік нормаға берген анықтамалары, А. Байтұрсынұлының шығарма тіліне байланысты жіктемесі, Н. Уәли көрсеткен әдеби тілдік норма ерекшеліктері, А.Б. Салқынбай, Ж.А. Сәрсенбай сынды ғалымдардың тілдік нормаға арналған жіктемесі, қате қолданыстағы сөздер жинақталған «Сөзтүзер» сөздігі қолданылды.

Зерттеуде тілдік нормалардың түрлері мен норма бұзушылықтарды анықтау, ғалымдардың берген анықтамалары мен пікірлеріне салыстырмалы талдау жүргізу, сонымен қатар, ауызша сөйлеуде кездесетін норма бұзушылықтарды топтау, жинақтау сынды әдістер қолданылды.

Зерттеудің нәтижелері

Зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде тілдік норманың бұзылуына әсер ететін факторлар анықталды, тілдік нормалардың сақталуын жүзеге асыратын іс-әрекеттер

көрсетілді, ауызша сөйлеуде норма бұзушылықтардың кездесетіні анықталып, оларды шешу жолдары көрсетілді. Ауызша сөйлеуде норма бұзушылықтың сипаты толық ашылып, талдау бойынша 5 түрге жіктелді. Атап айтқанда:

1. Грамматикалық норманың бұзылуы;
2. Орфоэпия және орфографиялық нормалардың бұзылуы;
3. Лексикалық нормалардың бұзылуы;
4. Интернет желісіндегі норма бұзушылық;
5. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы норма бұзушылық.

Бұл норма бұзушылықтар қоғамда, ауызша сөйлеуде жиі кездесетін қателер негізінде қарастырылды. Зерттеу жұмысының нақтылығына Р. Сыздықтың «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» атты еңбегі, М. Балақаевтың «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» атты еңбегі, А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі, Н. Уәлидің «Графика. Орфография. Орфоэпия» еңбегі, А.Б. Салқынбай, Ж.А. Сәрсенбай сынды ғалымдардың «Қазіргі қолданыстағы тілдік үрдістер: норма мен узустық ерекшеліктер» атты мақаласы және 2023 жылы жарық көрген «Сөзтүзер (Қате қолданыстар сөздігі)» еңбегі септігін тигізді.

Талқылау

Жоғарыда ауызша сөйлеуде тілдік нормалардың рөлі зор екенін атап өттік. Ауызша сөйлеуде тілдік нормалардың сақталуы ойдың дәл, түсінікті әрі әсерлі жеткізілуіне мүмкіндік береді. Тілдік норма сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы түсіністікті қамтамасыз етеді. Алайда ауызша сөйлеудің еркін сипаты норма бұзушылықтардың туындауына алып келеді. Ауызша сөйлеу тілдің, қарым-қатынастың ең белсенді құралы болғандықтан, ол көбінесе сөйлеу жүзінде орын алады және адамның іс-қимылдары, эмоциясы, ым, ишараты арқылы көрініс береді.

Қазіргі уақытта ауызша сөйлеуде бірнеше норма бұзушылықтар орын алып отыр. Бұл – қазіргі жастардың, қоғамның үлкен дерті. Ауызша сөйлеуде кездесетін тілдік нормалардың бұзылуын Р.Сыздық лексикалық, орфоэпиялық және бұқаралық ақпарат құралдары негізінде қарастырған. Ғалым өзінің еңбегінде осы мәселелерге баса назар аударып, қоғамдағы рөлін көрсетіп, шешу жолдарын ұсынған. Ал ғалым А.Б. Салқынбай және Ж.А. Сәрсенбай «Қазіргі қолданыстағы тілдік үрдістер: норма мен узустық ерекшеліктер» атты мақалада норма бұзушылықтың бірнеше түрін көрсетіп, мысалдар келтіреді. Мәселен, *грамматикалық нормалану, орфографиялық нормалану, орфоэпиялық норма, жаңа сөздер мен қате қолданыстар, аударма жасаудағы нормалану, стильдік қате қолданыстар, сөз мағынасы және оны түсініп жұмсау* сынды салаларда тілдік нормалардың жиі бұзылатынын атап өтеді [4, 7-10]. Ғалымдардың айтуынша, берілген тілдік нормалар тілді пайдаланушылардың ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауында көп бұзылады. Осыған байланысты біз қазіргі қоғамда және жастар арасында орын алатын норма бұзушылықтарды топтастыруды жөн көрдік.

Қоғамда кездесетін норма бұзушылықтарды 5 топқа бөліп қарастырдық:

1. Грамматикалық норманың бұзылуы;
2. Орфоэпия және орфографиялық нормалардың бұзылуы;
3. Лексикалық нормалардың бұзылуы;
4. Интернет желісіндегі норма бұзушылық;
5. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы норма бұзушылық.

Норма бұзушылықтың аталған салаларда орын алуы – қазіргі жастардың тілдегі нормаларды дұрыс қолданбауының көрінісі. Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты тілдік норма мен норма бұзушылықтың сипатын көрсету болғандықтан, бұл салаларда

орын алып жатқан тілдік мәселелерді қарастыру маңызды. Сондықтан топтастыру бойынша қоғамда кездесетін норма бұзушылықтардың әрбір түріне жекелей тоқталып, қарапайым өмірден мысалдар келтіріп өтейік.

Норма бұзушылықтың көрінісі ең жиі кездесетін сала грамматика. **Грамматикалық норма** – тілдегі сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің дұрыс байланысуын, сөйлем құрылымының белгілі талаптарға сай болуын қамтамасыз ететін ережелер жүйесі. Ол морфологиялық және синтаксистік нормаларды қамтиды. Ауызша сөйлеу барысында осы нормалардың сақталмауы грамматикалық норма бұзушылыққа алып келеді. Ауызша сөйлеудегі грамматикалық норма бұзушылық көбіне сөйлем құрылымының дұрыс сақталмауы, сөздердің орын тәртібінің сақталмауы және грамматикалық тұлғалардың дұрыс қолданылмауы сынды іс-әрекеттер арқылы көрініс табады. Мәселен, қазіргі жастар және мектеп оқушылары сөйлем құрап, өз ойын толық жеткізу барысында қиналады. Осы уақытта олар көп қателік жібереді. Мысалы, септік жалғауларының орынсыз қолданылуы, көптік және тәуелдік жалғауларды түсіріп айту, етістіктің мағыналық түрлерінің дұрыс қолданылмауы жиі кездеседі. Сонымен қатар, ауызша сөйлеуде сөйлем мүшелерінің байланысы әлсіреп, сөйлемнің мән-мағынасы болмай, сырт көзге жағымсыз естіледі. Әсіресе, мектеп оқушыларының сөйлем құрауда тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің орын тәртібін сақтамай қолдануы грамматикалық норма бұзушылықтың басты мәселесінің бірі деп есептейміз. Себебі адамның ойын жеткізудің басты құралы – тіл. Тіл арқылы адам өзгелермен қарым-қатынас жасай отырып, диалог құрады. Егер ауызша сөйлеу барысында норма бұзушылықтар орын алса, онда біздің тілдік қорымыздың аз екені байқалады, логикалық ой жүйесінің бұзылуына әкеп соғады. Сонымен қатар, грамматикалық норма бұзушылықтарға мынадай мысалдар келтіре аламыз:

1. *-дың, -дің, -тың, -тің* септік жалғауларының дұрыс қолданылмауы. Көбінесе айтылу мен жазылуда көрінеді. Адамның тегіне осы жалғауды жалғау барысында оқушылар қиналады. Мәселен, *Мұхтар Әуезовтің* деп жалғаудың орнына *Мұхтар Әуезовтың* деп қате жалғайды. Бұдан біз тілдік нормалардың бұзылуына кірме қосымшалардың әсерінің бар екенін аңғарамыз. Бұл жерде *-ов* қосымшасына қарап, оқушы оған жалғанатын жалғауды *-тың* деп шатастырып тұр.

2. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар норма бұзушылыққа алып келеді. Қазақ тілінде буын үндестігі сөздерге бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке қосымшалардың жалғануы арқылы жасалады. Бірақ бұл заңдылыққа бағынбайтын *-ов, -ев, -ова, -ева, -ина, -паз, -қор, -қой, -мен, -бен, -пен, -кер, -гер, -хана, -ныкі* сияқты қосымшалар бар. Осы қосымшалар оқушыларды сөз құраған уақытта шатастырады және дұрыс сөз құрауға кедергі келтіреді.

Қоғамда кездесетін норма бұзушылықтың екінші бір түрі – **орфоэпия және орфографиялық нормалардың бұзылуы** болып табылады. Қазіргі жастар сөздерді дұрыс жазу мен айтуда көптеген қателіктер жібереді. Сөздерді жазылуы бойынша айтып, айтылуы бойынша жазып, грамматикалық норма бұзушылықты туындатады. Осындай әрекеттер тілдік қарым-қатынастың сапасын төмендетіп, тілдің тұрақтылығына кері әсер етеді. Орфоэпиялық және орфографиялық нормалардың бұзылуына бірнеше мысал келтірейік:

1. Орфоэпиялық норманың бұзылуы көбіне сөйлеудің жеделдігі мен диалектілік ықпалға байланысты туындайды. Ауызша сөйлеуде жиі кездесетін орфоэпиялық норма бұзушылықтарға дыбыстардың түсіп қалуы, ықшамдалып айтылуы, үндестік заңдылығының сақталмауы жатады. Мәселен, *жазып отыр* деген сөзді *жазыватыр* деп

қате айту. *Алып кел* сөзін *апкел* деп ықшамдау, *оқып отыр* деген сөзді *оқып атыр* деп өзгерту, *балаларға* сөзін *балдарға* деп айту сияқты бірнеше мысал келтіре аламыз.

2. Орфографиялық норманың бұзылуы адамдардың естіген сөзін дәл сол қалпында жаза салуынан, салғырт қарауынан, тілдік дағдылардың жетіспеуінен, сөздердің морфологиялық құрылымын толық меңгермеуден және интернет желісіндегі бейресми жазу дағдысының салдарынан туындайды. Қазіргі кезеңде орфографиялық қателер оқушылардың жазба жұмыстарында және интернет желісіндегі байланыста жиі кездеседі. Мысалы, *ешқандай* біріккен сөзін *еш қандай* деп бөліп жазу, *бірде-бір* қос сөзінің арасына дефис қоймай жазу, *қорытынды* сөзіндегі **Ы** дыбысын түсіріп, *қортынды* деп жазу, *сияқты* сөзін *сыйақты* деп жазу, *қазір* сөзін *қазыр* деп жазу. Сонымен қатар, оқушылар мұғалім дыбыстаған сөзді естуі бойынша жазып, көптеген орфографиялық қателіктер жібереді.

Норма бұзушылықтың келесі бір түрі – *лексикалық норма бұзушылық*. Қазақ тіл білімінде лексикалық норма сөздердің мағынасы мен қолданылу аясының тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты көрсеткіш ретінде қарастырылады. Дегенмен қазіргі уақытта лексикалық норма бұзушылықтар жастардың сөйлеу тілінде, қоғамда жиі кездеседі. Мұндай норма бұзушылық сөздің мағыналық дәлдігін сақтамаудан, сөздік қордың аздығынан, сөздерді орынсыз қолданудан, бөтен тіл элементтерін жөнсіз қолданудан және сөздердің мағыналық үйлесімінің бұзылуынан көрініс береді. Сонымен қатар, лексикалық норма бұзушылық қолданылу аясы шектеулі сөздерді қолдану барысында да байқалады. Мәселен, Қазақстанның әр өңіріндегі тұрғындардың өздеріне тән сөйлеу ерекшеліктері бар. Ол диалектизмдер арқылы көрініс табады. Кейбірі диалект сөздерді орынсыз қолданып, сөздің мағынасын өзгертеді, сол арқылы ауызша сөйлеген уақытта сөздер екінші адамға жағымсыз естілуі мүмкін. Одан бөлек, қолданылу аясы шектеулі сөздердің ішінде эвфемизмдер мен дисфемизмдер де тілдік норманы сақтауда маңызды рөл атқарады. Сонымен қоса, жаргон, варваризм сөздер және қазіргі жастардың сөйлеу тіліндегі сленгтер де лексикалық норманың бұзылуына алып келеді.

Қазіргі қоғамда адамдар сөйлеу барысында дөрекі сөздерді көп қолданады. Ал тілде дөрекі сөздер қатарын қарастыратын дисфемизмдер бар. Лексикалық норма бұзушылықта дисфемизмнің көрінісін мына мысалдар арқылы сипаттай аламыз. Мысалы, *саңырау*, *соқыр*, *екіқабат*, *өлді*, *мылжың*, *өсекші*, *өтірікші*, *ұрлықшы*, *жалқау*, *боқмұрын*, т.б. Берілген сөздер адамның қадір-қасиетін, дәрежесін түсіріп, көңілге қаяу келтіруі мүмкін. Бұл сөздерді біз осы қалпында қолданбауымыз керек, керісінше олардың орнын басатын жағымды эвфемизмдерді қолдануымыз керек. Қазақ тілінің ерекшелігі сонша – сөйлеуде жағымсыз сөз қолданбау үшін оның орнын басатын жағымды баламалары бар. Аталған дисфемизмдерді жоятын, алмастыруға болатын эвфемизмдерді көрсетейік:

1. Саңырау – *құлағының мүкісі бар*;
2. Соқыр – *зағип*;
3. Екіқабат – *аяғы ауыр*;
4. Өлді – *қайтыс болды, дүниеден өтті, өмірден өтті*;
5. Мылжың – *сөзуар*;
6. Өсекші – *қосып айтады, сымсыз телефон*;
7. Өтірікші – *аузы жеңіл*;
8. Ұрлықшы – *қолының жымысқысы бар*.

Ауызша сөйлеу барысында дисфемизмдердің орнына эвфемизмдерді қолдансақ, бұл біздің әдеби тіліміздің сапасының жақсаруына көмектеседі, коммуникация барысында тындаушыға жағымды әсер қалдырады.

Жоғарыда лексикалық норманың бұзылуына жаргон, варваризмдердің әсері барын айттық. Сонымен қатар, қазіргі жастар тіліндегі сленгтер мен тіл шұбарлау да ауызша сөйлеуде лексикалық нормаға кері әсер етеді. Қазіргі жастар сөйлеу барысында қазақша-орысша сөздерді бірге қосып айта береді. Ал бұл сөздер коммуникацияның жалғасуына кедергі келтіреді. Біз қазіргі жастардың қолданысындағы қазақша-орысша және қазақша-ағылшынша сөздерді жинақтап, кестеге енгіздік:

Кесте 1. Лексикалық норманың бұзылуына әсер ететін, жастар қолданысындағы сөздер қатары.

Қазақша-орысша	Қазақша-ағылшынша
<i>Ол вообщем дұрыс емес</i>	<i>Шоптинг жасау</i>
<i>Құлаққа латша ілу</i>	<i>Шипперить ету</i>
<i>Мешать етпеші</i>	<i>Фитбэк жасау</i>
<i>Уже ма не?</i>	<i>Муд боп тұрсын гой</i>
<i>Солай короче</i>	<i>Челлендж жариялау</i>
<i>Каксын?</i>	<i>Тренд түсіру</i>
<i>Сразу айтамын</i>	<i>Фуфло гой</i>
<i>Успеть еттің ба?</i>	<i>Хейт жазу</i>
<i>Лтикам гой</i>	<i>Инсайд алу</i>
<i>Тормоз ұстау</i>	<i>Рилли ма?</i>
<i>Маяк тастау</i>	<i>Краш болу</i>
<i>Шпор жасау</i>	<i>Кринж ұстау</i>
<i>Типаж болу</i>	
<i>Жиза ма?</i>	
<i>Шарить ету</i>	

Бұл кестеде жаргон, варваризм және сленг сөздердің қолданысы көрсетілген. Байқап отырғанымыздай, сөздердің сыртқы бейнесінің өзі көзге тұрпайы көрінеді, ал бұл сөздер сөйлеу барысында қолданылса, мағыналық үйлесім бұзылып, тіл мәдениетінің төмен екені байқалады.

Келесі кезекте, **интернет желісіндегі норма бұзушылықтарға** тоқталайық. ХХІ ғасыр технологияның дамыған заманы болғандықтан, жастардың қатары ұялы телефон, смартфондар арқылы қарым-қатынас жасайды. Интернет желісінде орфографиялық қателіктер жіберіп, сөздерді қысқартып, шұбарлап, мардымсыз қолданудың салдарынан ауызша сөйлеу барысында тілдік норма бұзылады. Біз жастар қолданысындағы интернет желісінде кездесетін норма бұзушылықтарды анықтадық. Оны төмендегі кестеден көре аламыз:

Кесте 2. Интернет желісінде кездесетін норма бұзушылықтар.

Нормаға сай айтылуы	Норманы бұзып айтуы
<i>Ұнату</i>	<i>Лайк басу</i>
<i>Ұнатпау</i>	<i>Дизлайк</i>
<i>Өтінемін</i>	<i>Плиз, пж</i>
<i>Сәлем</i>	<i>Хай, пр</i>

<i>Күшті</i>	<i>Изи, топ, огонь, слэй, чиназес</i>
<i>Құрмет</i>	<i>Респект</i>
<i>Ониа емес</i>	<i>кринж</i>
<i>Әдемі, сұлу</i>	<i>Краш, крашиха</i>
<i>Кешір</i>	<i>Сорри, сорян</i>
<i>Не істеп жатырсың?</i>	<i>Нест? Нестеп? ЧД?</i>
<i>Өзің</i>	<i>Өз</i>
<i>Әңгіме</i>	<i>әңг</i>
<i>Дейді</i>	<i>Дит</i>
<i>Ғой</i>	<i>Ғо</i>
<i>Ештеңе, ешнәрсе</i>	<i>Еш</i>
<i>Білмеймін</i>	<i>Білмим, незн</i>
<i>Болмайды</i>	<i>Болмайт</i>
<i>Отырмын</i>	<i>Отырм</i>
<i>Жатырмын</i>	<i>Жатырм</i>
<i>Болып жатыр</i>	<i>Болыватр</i>
<i>Жазып жатырмын</i>	<i>Жазватрм</i>
<i>Болды</i>	<i>Болд</i>
<i>Келесін</i>	<i>Келесн</i>
<i>Жақсы</i>	<i>Ок</i>
<i>Солай</i>	<i>Сол</i>
<i>Не болып жатыр</i>	<i>Не боватр</i>
<i>Міндетті түрде болады</i>	<i>Жб болады</i>
<i>Қандай</i>	<i>Чеза, чез</i>
<i>Білмеймін</i>	<i>Не знаю</i>
<i>Топ ашайын ба?</i>	<i>Группа создавать етейін бе?</i>
<i>Өте күшті, мықты</i>	<i>Имба</i>
<i>Өмірден алынған</i>	<i>Жиза</i>
<i>Шамадан тыс еркелік</i>	<i>Пикми, пикма</i>
<i>Қызыл жалау (жаман адам)</i>	<i>Ред флаг</i>
<i>Жасыл жалау (жақсы адам)</i>	<i>Грин флаг</i>
<i>Түсінікті, түсінемін</i>	<i>Пон, понимейшин</i>
<i>Қысым көрсететін адам</i>	<i>Арбузер</i>
<i>Шынайы өмірден алыстаған адам</i>	<i>Делуду</i>
<i>Жағымсыз, үнемі ренжітетін адам</i>	<i>Токсик</i>
<i>Мақтану</i>	<i>Флексить</i>
<i>Қалжың</i>	<i>Рофл</i>
<i>Рахмет</i>	<i>Спс, раха</i>
<i>Дос</i>	<i>Бро, братан</i>
<i>Қатты күлу</i>	<i>Угарать ету</i>
<i>Демалу, тынығу</i>	<i>Чилл</i>
<i>Мектеп</i>	<i>Шк (школа)</i>
<i>Бір-бірін түсінетін топ, адамдар жиынтығы</i>	<i>Км - комьюнити</i>
<i>Ойынның 1-кезеңі</i>	<i>Катка</i>
<i>Қарапайым адам</i>	<i>Нормис</i>
<i>Оңай, әдеттегідей</i>	<i>Дефф</i>

Берілген кестеде интернет желісіндегі норма бұзушылықтар нормаға сай айтылуы мен норманы бұзып айтуына байланысты топталған. Кестедегі сөздердің көбі

қысқартылып, өзгертіліп, құрылымы бұзылып айтылған. Өкінішке орай, қазіргі жастар дәл осы сөздерді интернет желісіндегі коммуникацияда жиі қолданады. Осы арқылы әдеби тіл және ауызша сөйлеу нормаларын бұзады.

Норма бұзушылықтың соңғы түрі – **бұқаралық ақпарат құралдарындағы норма бұзушылық**. Бұқаралық ақпарат құралдары – әдеби тіл нормаларын кең таратып, қоғамға үлгі болатын маңызды тілдік орта. Радио, теледидар, газет-журналдар, интернет желісіндегі басылымдар, медиамәтіндер халықтың тілдік санасына тікелей әсер етеді. Сондықтан БАҚ тілінде нормалардың сақталуы өте маңызды. Алайда қазіргі медиакөністікте тілдік нормалардың түрлі деңгейде бұзылуы жиі байқалады. Мәселен, біз бұқаралық ақпарат құралдарында берілген ақпараттардан лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық, стильдік норма бұзушылықтарды байқаймыз. Дәл осы мәселелер төңірегінде бірнеше ғалым зерттеу жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, Ш. Құрманбайұлы, Ж. Жақыпов, Т. Ермекова, О. Жұбаева, Б. Сүйеркұл, Н. Қожабек, А. Әлменбет сынды ғалымдардың үлесі зор. Бұл ғалымдардың бастамасымен 2023 жылы «Сөзтүзер» атты сөздік жарыққа шықты. Бұл сөздікте республикалық бұқаралық ақпарат құралдарынан жиналған қате қолданыстар сөз, сөз тіркестері, сөйлемдерден нақты мысалдар келтірілген. Бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін норма бұзушылықтардың сипатын көсету үшін берілген сөздікті негізге алуды жөн көрдік. Сөздіктегі мысалдар:

1. **«Айтуға шештіңіз. Орысша айтуға шештіңіз»** [5, 15] деген тіркес берілген. Бұл тіркесте грамматикалық норма сақталмаған. Яғни **–ға** барыс септігінің орынсыз қолданылуы және сұраулық шылаудың (**бе**) түсіп қалуы орын алған. Тіркестің сөздік бойынша дұрыс нұсқасы: *«Орысша айтайын деп шештіңіз бе?»* [5, 15].

2. **«Әрбір уақытында орындалған тапсырма. Әрбір уақытында орындалған тапсырма үшін науқан қатысушысы бір ұтыс билетін алады»** [5, 44] сөйлемі сөздікте көрсетілген. Бұл сөйлемде стильдік қателік бар, сөйлемнің тіркесімділігі бұзылған. Сөйлемдегі *әрбір* сөзі уақытында сөзімен емес тапсырма сөзімен тіркесуі керек. Яғни *әрбір* сөзі өзі айқындайтын сөздің алдында тұруы тиіс. Сөздік бойынша сөйлемнің дұрыс нұсқасы: *«Уақытылы (дер кезінде) орындалған әр тапсырма»* [5, 44].

3. **«Бірде бір. Ресейдің бірде бір атом электр станциясын Қазақстанға кіргізбеу керек!»** [5, 81]. Бұл сөйлемнің жазылуында қателік бар. Бұл тіркес заңдылық бойынша қос сөз ретінде жазылуы тиіс. Дұрысы: *бірде-бір*.

4. **«Вообще. Не боп кетті, вообще, қалай өмір сүріп жатырмыз, вообще»** [5, 92]. Бұл сөз сөйлеу мәдениетін бұзатын паразит сөз болып есептеледі. Дәл осындай сөздер лексикалық норманы бұзып, сөйлемнің мағынасын өзгертеді. Дұрысы: *«бұл сөзді тіпті өзі деген айтылыммен алмастыруға болады»* [5, 92].

5. **«Дәуешовтың. Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешовтың айтуынша, министрлік 2021 жылды – Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы деп жариялады»** [5, 100]. Бұл сөзде адамның тегіне қосымша дұрыс жалғанбай, грамматикалық қателік жіберілген. Соңғы буын жіңішке болғандықтан, ілік септігінің жіңішке **–тің** формасы жалғануы керек. Дұрысы: *Дәуешовтің*.

Одан бөлек, бұқаралық ақпарат құралдарында тіл шұбарлау да жиі кездеседі. Қазіргі уақытта сөздің қазақ тіліндегі баламасын ескермей, өзге сөзбен алмастыратындар көп. Нәтижесінде, тіл шұбарланып, тілдік норманың бұзылуы орын алады. Мысалы: *«Әрине, бұрқыратып жұмыс істеп жатырмыз деген имитациялар, қатқыл мәлімдемелер болуы мүмкін»* [4, 8]. Бұл жерде имитация сөзі орынсыз қолданылып тұр.

Бұл сөздің *еліктеу, алдамшы, ұқсастыру, бояма, көз бояу* сынды қазақша баламалары бар. Сондықтан имитация сөзінің орнына аталған қазақша баламаларды қолдану жеткілікті. Дұрысы: «*Әрине, бұрқыратып жұмыс істеп жатырмыз деген көз бояу, қатқыл мәлімдемелер болуы мүмкін*» [4, 8].

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы нормалардың бұзылуы адамдардың тіл салаларын толық меңгермегендігінен туындаған мәселе екеніне көзіміз жетті. Сонымен қоса, аталған норма бұзушылықтардың бұқаралық ақпарат құралдарында көп кездесетінін анықтадық. Біз ауызша сөйлеу барысында қателіктер жібермей, норманы сақтап сөйлеуіміз керек. Сонда ғана әдеби тіл, тіл мәдениеті дұрысталып, даму қарқыны өседі.

Әдеби тіл нормаларын сақтау тіл мәдениетінің басты көрсеткіші болып табылады. Біз бөліп қарастырған норманың 5 түрі сөйлеудің дұрыстығы мен түсініктілігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, біз сөйлеу барысында ауызекі сөйлеу стилін емес әдеби тілді қолдануымыз керек. Осы орайда, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі еске түседі. Ғалым аталған еңбекте шығарма тілінің екі түрлі болатынын көрсетеді. Олар: «1. ақын тілі; 2. әншейін тіл. Ақын тілі айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз» [6, 34]. Ғалым көрсеткен бұл екі түр тек шығарманың тілінде ғана емес, ауызша сөйлеуде де маңызды. Біз ақын тілін пайдаланып сөйлесек, сөзге айрықша өң беріліп, әсерлі жеткізіледі. Ал әншейін тілмен сөйлесек, айтатын сөзіміздің тыңдаушыға әсері аз болады.

Одан бөлек, ауызша сөйлеуде маңызды болып табылатын басқа да сөйлеу түрлері бар. М.Балақаев сөйлеу түрінің 2 түрін көрсетеді. Олар: «1. қарапайым түрі, 2. әдеби түрі» [1, 62]. Ғалым көрсеткен түрдің ішінен әдеби түр маңызды. Біз ауызекі, қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін пайдалансақ, сөйлер сөздің тұрпайылығы артады. Бұл мәселені жою үшін бізге әдеби тіл көмекке келеді. Әдеби тіл арқылы айталатын сөз, ой жүйелі болады, сөйлемдердің байланысуы логикалық түрде орынды болады, құлаққа жағымды естіліп, тіл мәдениетінің артуына септігі тиеді. Сондықтан тілдік норманың сақталуы мен ауызша сөйлеу барысында норма бұзушылықты болдырмас үшін біз ақын тілі, әдеби тілді қолданып, тіл білімі салаларын толық меңгеруіміз керек.

Ауызша сөйлеуде тілдік нормаларды сақтау – тіл мамандарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Орфоэпиялық, орфографиялық, грамматикалық, лексикалық нормалар өзара тығыз байланыста болып, тілдік қатынастың біртұтас жүйесін құрайды. Осы нормалардың сақталуы ауызша және жазбаша сөйлеудің дәлдігін, түсініктілігін және әсерлілігін арттырады. Тіл нормаларын меңгеру мен дұрыс қолдану жеке тұлғаның тіл мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, ұлттық тілдің қоғамдық қызметін күшейтеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысын қорытындылай келе, ауызша сөйлеудегі тілдік нормалардың сақталуы – ұлттық мәдениет пен тілдік бірегейлікті сақтаудың басты кепілі екеніне көз жеткіздік. Зерттеу барысында М.Балақаев, Р.Сыздық сынды ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, қазіргі қоғамдағы, әсіресе жастар арасындағы сөйлеу мәдениетінің өзекті мәселелері талданды.

Ауызша сөйлеуде норма бұзушылықтарды жою үшін тек мектеп бағдарламасымен шектелмей, БАҚ кеңістігіндегі тілдік бақылауды күшейту, жастардың сөздік қорын байыту және Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай «ақын тіліне» жақын әдеби сөйлеу дағдысын қалыптастыру қажет. Тіл мәдениетін көтеру әрбір азаматтың тілдік

жауапкершілігін арттырудан басталады. Осы бағыттағы жүйелі зерттеулер мен «Сөзтүзер» секілді сөздіктерді насихаттау арқылы тілдік норманың негізі нығаяды.

Тіл нормаларын сақтау арқылы ғана біз қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеріп, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыра аламыз. Зерттеу барысында қарастырылған мәселелер алдағы уақытта тіл мәдениеті мен тіл білімі саласындағы жана ізденістерге негіз бола алады деп сенеміз.

Әдебиет:

1. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
2. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 292 б.
3. Уәли Н.М. Графика. Орфография. Орфоэпия: монография. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2018. – 235 б. // <https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1580620&lang=kk>
4. Салқынбай А.Б., Сәрсенбай Ж.А. Қазіргі қолданыстағы тілдік үрдістер: норма мен узустық ерекшеліктер // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №1 (189). – Алматы, 2023. – 12 б. // <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/4223/2927>
5. Құрманбайұлы Ш., Жақыпов Ж., Ермекова Т., Жұбаева О., Сүйеркұл Б., Қожабек Н., Әлменбет А. Сөзтүзер (Қате қолданыстар сөздігі). – Астана: Zerde Publishing, 2023. – 406 б.
6. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2002. – 208 б.
7. Қалиев Б.А. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: оқу құралы. ТехноЭрудит, 2019. – 168 б.
8. Садуақас Н.А. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы: оқу құралы. – Алматы: ТехноЭрудит, 2019. – 364 б.

References:

1. Balakaev M.B. Kazakh edebi tili zhëne onuñ normalary. – Almaty: Fylym, 1984. – 184 b.
2. Syzdykova R. Tildik norma zhëne onuñ kalypstanuy (kodifikaciyasy). Këptomdyk shyğarmalar zhinary. – Almaty: «El-shezhire», 2014. – 292 b.
3. Uëli N.M. Grafika. Orfografiya. Orfoepiya: monografiya. – Almaty: A. Bajtursynov atyndary til bilimi instituty, 2018. – 235 b. // <https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1580620&lang=kk>
4. Salqynbaj A.B., Sarsenbaj Zh.A. Qazirgi koldanystary tildik yrdister: norma men uzustyq erekshelikter // KazU habarshysy. Filologiya seriyasy. №1 (189). – Almaty, 2023. – 12 b. // <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/4223/2927>
5. Qurbanbayly Sh., Zhaqypov Zh., Ermekova T., Zhubaeva O., Syjerkul B., Qozhabek N., Ælmenbet A. Sëztuzer (Qate koldanystar sözdigi). – Astana: Zerde Publishing, 2023. – 406 b.
6. Bajtursynov A. Bes tomdyk shyğarmalar zhinary. Birinshi tom. – Almaty: «Zhibek zholy» baspa yji, 2002. – 208 b.
7. Qaliev B.A. Kazakh tiliniñ fonetikasy. – Almaty: oqu quraly. TekhnoErudit, 2019. – 168 b.
8. Saduakas N.A. Qazirgi kazakh tili fonetikasy: oqu quraly. – Almaty: TekhnoErudit, 2019. – 364 b.

Information about the authors

Kadyrov Zh.T. – corresponding author, Candidate of philological sciences, professor, associate professor, Department of Kazakh language and literature, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: zhkadyrov_777@mail.ru;

Sinbayeva G.K. – Senior lecturer, «Kazakh language and literature» chair, master, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: gsinbaeva@mail.ru;

Adyken A. – is a 4 th-year student majoring in Kazakh Language and Literature, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: akbotaadiken@mail.ru.